

**6D051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған,
«Білімдер экономикасын қалыптастыру жағдайында
жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару» тақырыбына
Тапенова Гульнур Сагатовнаның
диссертациясына ғылыми көзесші пікірі**

Білімге және адам капиталының дамуына негізделген экономиканың қалыптасуында жоғары білім беру маңызды орын алады. Қазіргі таңда білім беру жүйесі мазмұнында айтарлықтай материалдық және адами ресурстарды қажет ететін құрделі әлеуметтік-экономикалық институт болып табылады. Сондықтан, аталған жүйені сыртқы тез өзгермелі ортаға бейімдеу мәселесі кез-келген мемлекеттің саясатының басымдықтарына енген. Мұндағы мемлекеттік басқаруды жетілдіру бірінші орында. Себебі, білім сапасы, еңбек ресурстары, ғылым мен инновация сапасы және де елдің экономикалық, саяси қауіпсіздігі басқару сапасына, оның құрылымдарға басқарушылық ықпал ету деңгейіне тәуелді.

Заманауи қоғамның өзекті мәселелерінің бірі - білімге негізделген экономикаға көшу болып табылады. Яғни, ғылымды өндіргіш күшке айналдыру басты назарда. Білімге негізделген экономика жағдайында білімнің қоғамдағы рөлі, оның формасы мен мазмұны қалыптасады. Осыған орай, автордың зерттеу жүргізуі, «білімдер экономикасы» ұғымына жан-жақты түсінік беруі, өзіндік түсіндірмесін ұсынуы аса маңызды.

Өзектілігі жоғары нәтиже, бұл автордың әлемнің әртүрлі елдерінің жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруға салыстырмалы талдау жүргізуі, және аталмыш саланы реттеуде мемлекеттің араласуы дәрежесіндегі айырмашылықтарды анықтау екені анық.

Батыс елдерінің көпшілігінде тікелей мемлекеттік басқарудан неғұрлым жанама ықпал ету әдістеріне көшкен. Реттеушілік қызмет жергілікті билік органдарына, мемлекеттік емес (коммерциялық) және қоғамдық үйымдарға берілген. Әйтсе де, мемлекет координациялық функцияны атқарады, бірақ, жалпы білім беру стратегияларын жасауға, субъектілердің арасындағы серікtestіk қатынастарға құқықтық жағдайды қамтамасыз етуге дең қояды.

Әртүрлі елдердегі жоғары білім беру жүйесіндегі мемлекеттік басқару тәжірибесіне жүргізілген талдама авторға жоғары білімді мемлекеттік басқарудың елдер бойынша жіктемесін жасауға, білімдер экономикасының қалыптасу кезеңіндегі жоғары білім берудің негізгі ерекшеліктерін анықтауға, даму тенденцияларын нақтылауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының өзекті нәтижелерінің бірі - автордың 2016-2019 жж. Білім және ғылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының нәтижелілігі мен үзак мерзімді салдарын талдау негізінде жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың нәтижелілігіне интегралды баға беруі болып табылады. Автор аталған бағдарламаның кейбір көрсеткіштерінің қолжетімділік дәрежесіне баға беріп, стратегиялық құжаттар мен жоғары

білім беру мен ғылымды мемлекеттік басқару саласын жоспарлаудың құралдарына (4 және 5 стратегиялық бағыттар) бағалау жүргізген. Жүргілген есептеулер 2016-2019 жж ҚР БФДМБ 4 Стратегиялық бағытының салыстырмалы түрде орташа дәрежедегі тиімділігін және бұл бағдарламаның 5 Стратегиялық бағытының салыстырмалы түрдегі қанағаттанарлық дәрежедегі тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.

Жоғары білім жүйесін мемлекеттік басқарудың деңгейі туралы неғұрлым нақты мәліметтер алу үшін автор әлеуметтік диагностикасын, жүргізген. Әлеуметтік диагностика нәтижесіне жүргізген талдама авторға жоғары білім берудегі олқылықтарды анықтауға мүмкіндік берді: жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруға респонденттердің тарарапынан көніл толмаушылығының жоғары деңгейі, жоғары білім алуда мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіз деңгейі, жұмыспен қамтуда қолдаудың әлсіздігі, жоғары оқу орындарының дербестігінің толымсыз деңгейде жүзеге асырылуы, еліміздегі жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың тиімділігінің төмен деңгейі және т.б.

Керсетілген жағдайлар білімдер экономикасының қалыптасу жағдайында жоғары білім жүйесін мемлекеттік басқаруды жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды жасау қажеттілігін негіздейді. Осылан орай, зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы – жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды жетілдірудің ұйымдастырушылық механизмдері, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің қазіргі таңдағы жағдайына жүргілген талдау, жоғары білім беру жүйесінің білім беру ұйымдарына дербестік беру бойынша реформаларды, негізгі мақсаты Қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігінің артуы, жоғары оқу орындарының қызметінің тиімділігін арттыру болып табылатын «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының (аталған жобаның 4-ші бағыты) жүзеге асырылуына жүргілген талдау авторға отандық жоғары білім беру жүйесін орталықсыздандыру және қазақстандық жоғары оқу орындарының дербестігін кеңейту бойынша реформаны жалғастыру қажеттілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары қолданыстағы жоғары білім беру туралы ғылыми, мемлекеттік басқару субъектілерінің қатысуы және оның дамуы туралы түсініктерге негізделеді.

Диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық негізі жоғары білім беру жүйесінің қызметі мен дамуына, жоғары білім беруді мемлекеттік басқару және реттеуге арналған атақты қазақстандық және шетелдік авторлардың еңбектері болып табылады. Ғылыми жұмыста елдегі жоғары білім беру сапасын арттыруға бағытталған Мемлекеттік бағдарламалар, тұжырымдамалар, мемлекеттік актілер мен нормативтік құжаттар талданады.

Диссертация жазу барысында зерттеудің түрлі тәсілдері қолданылған - талдау және синтез, статистикалық әдіс, құрылымдық - логикалық әдіс, салыстырмалы талдау саулнама әдісі және т.б.

Жалпы, диссертация қазақстандық қоғам үшін өзекті тақырыпта жазылған, қазақстандық тәжірибе үшін жаңа ұсыныстар мен әзірлемелерден тұрады, ғылыми жаңалығы бар және тәжірибелік түрғыдан маңызды. Автор қойылған мақсатқа қол жеткізді, терминологиялық аппаратты, талдау әдіснамасын жоғары деңгейде менгерген. Жұмыста теория, талдау және тәжірибелік біртұтастыры бақыланады. Автормен алғынған нәтижелер Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін дамуын мемлекеттік реттеуде тәжірибелік қолданылуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай отырып, Г.С. Тапенованың «Білімдер экономикасын қалыптастыру жағдайында жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысы аяқталған, дербес зерттеу, философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге арналған диссертациялық жұмыстарды орындауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді және «6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша (PhD) дәрежесін алу үшін ашық қорғауға жіберіледі.

**Ғылыми кеңесші:
Экономикалық теория және
МЖБ кафедрасының
э.ғ.к., профессор**

Бугубаева Р.О

